

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 308 (2016), 93 – 101

**TO THE QUESTION OF CONTINUITY
OF THE EUROPEAN AND KAZAKHSTAN EDUCATION**

Z. K. Ayupova¹, D. U. Kussainov²

¹Kazakh national university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan,

²Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: zaure567@yandex.ru

Key words: education values, culture and education, spiritual crisis, spiritual searches, education strategy, fostering patriotism, staffing of economy, traditional education, personal determination, existential dilemma.

Abstract. Concept of value, purpose, ideals. Specifics of cultural wealth. Values of culture and education. Idealism, realism (materialism), pragmatism, existentialism, humanistic (not directive) paradigm as main educational strategy. Person as education purpose. Spirituality as humanistic ideal of formation of the XXI-st century. Requirements, interests, values and forms of their realization. Value, valuable orientation, assessment, valuable relation. Social and personal determination valuable orientation. Spiritual search and spiritual spirit krizisbolezn: neuroses, alcoholism, drug addiction and education. Education and self-education. Education and existential dilemma. Way of an individuation: from self-affirmation to self-realization and comprehension of sense. Traditional school assessment and modern education. Education and church. Education and gender. All-round development of the personality is result of education, i.e. formation of the person having broad fundamental knowledge, steady skills and abilities, combining in the activity physical and brainwork, making the material and spiritual benefits for society; the person who is harmoniously developed in the physical and spiritual relations, the active public figure and the citizen of RK possessing high moral ideals, the developed esthetic taste, versatile material and spiritual needs, the real patriot of the country.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЕУРОПАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІЛЕРДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ МӘСЕЛЕСІНЕ

З. К. Аюпова¹, Д. Ө. Құсайынов²

¹Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,

²Абай атындағы Қазак ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Түйін сөздер: білім құндылықтары, мәдениет пен білім, рухани дағдарыс, рухани ізденіс, білім беру стратегиясы, әлеуметтік детерминация, университеттік білім, отансүйгіштікті тәрбиелу, тұлғалық детерминация, экзистенциалдық дилемма.

Аннотация. Құндылық, идеалдар, мақсаттар түсінігі. Рухани құндылықтардың ерекшеліктері. Мәдениет пен Білім құндылықтары. Идеализм, реализм (материализм), прагматизм, экзистенциялизм, гуманистік (детективті емес) парадигмалар білім беру стратегиясының негізі ретінде. Адам білім берудің нысаны ретінде. Руханилық XXI ғасыр білім беруінің гуманистік идеясы ретінде. Білімге деген тұтынушылық, мұдделері, құндылықтары, оларды жүзеге асыру формалары. Құндылық, құндылықтық мәселелер, бағалау, құндылықтық қатынастар. Құндылықтың, межелердің тұлғалық және әлеуметтік детерминациясы. Рухани ізденіс және рухани дағдарыс рухтың аурулары: невроздар, ішкілік, нашақорлық және білім беру. Білім беру және өз-өзінің білімін көтеру. Білім беру және экзистенциалдық дилемма. Идивидуализациялау жолы: өзін-өзі қалыптасырудан өзіндік қасиеттерін көрсете білуге және белгілі арманға қол жеткізуге дейін. Дәстүрлі мектептегі баға және заманауи білім беру. Білім беру мен діни институттар. Білім беру және гендер. Білім жетістігінің көрсеткіші жан-жакты қалыптасқан тұлға, яғни іргелі біліммен сузындаған, білімін өмір тәжірибесінде колдана алатын өзінің өмірлік іс-әрекеттерінде дене сибігі мен ой енбегін ұштастыра алатын, қоғамдық өмірде белсенді Қазақстан Республикасының азаматы жоғарғы адамгершілік идеалдарын игерген, жетілген эстетикалық талғамға қол жеткізген өз отанының нағыз патриоты.

Әлемдік философиядағы ағартушылық идеялары Ресей мәдениетіне, оның білім беру жүйесіне тікелей әсер етті. Біздің қазақ мәдениеті мен білім саласы ұлттың ұстаздары І. Алтынсарин, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев арқылы әлемдік педагогикалық дәстүрлермен тікелей байланыска түсті. Бұғынгі әлемдік өркениеттің бет-бейнесін көп жағдайда айқындалған Қаңа заман дәуірі дүниежүзілік мәдениет пен тарихта XVII ғасырдан, дәлірек айтқанда 1648 жылғы ағылшын буржуазиялық революциясынан басталады. Бұл дәуір мәдениет тарихында классицизм мен ағартушылық құбылыстарын қамтиды. Осы ғасыр Еуропа өміріне үлкен өзгерістер алғып келді. Әлемдік сауда мен мануфактуралық өндірістің өсуімен сипатталатын әлеуметтік-экономикалық даму қоғамдық өмірге өзгеріс енгізіп, жаңа идеологиялық негізді талап етті. Ескі ортағасырлық тәртіпке қарсылық реформациялық қозғалыстардан басталып, оның соны Нидерландыдағы (1566-1609), Англиядағы (1640-1688) буржуазиялық төңкерістерге ұласты. Капитализмнің өндірісті рационалды ұйымдастыруы білімге, ғылымға, қолданбалы-практикалық бағыттағы зерттеулерге деген қажеттілікті арттырып, осы кезден бастап ғылым өндірігіш күш ретінде қалыптасты. XVII ғасырда Еуропада екі ірі жаратылыстанымдық ғылыми орталық болды. Бірінші - осы ғасырдың 60-жылдары құрылған Лондондағы корольдік қоғам. Карл II қолдауымен оның негізін қалаушылар - жаңа замандық химия мен физиканы механистік тұрғыда зерттегендер Роберт Бойль (1627-1691) және Исаак Ньютон (1643-1727). Ал екіншісі - 1666 жылы құрылған Париждегі жаратылыстанымдық-ғылыми Академия. Людовик XIV-н бірінші министрі Кольбердің ұйымдастыруымен ашылған бұл қоғамның алғашқы президенті, нидерландтық механик, физик және математик, маятникті сағатты алғаш ойлап тапқан Христиан Гюйгенс (1605-1681). Бұл дәуірдегі Еуропаның жаңа рухани әлемінің дүнистанымдық негізін механикалық-метафизикалық материализм құрады.

Жаңа замандағы ойлау мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына Қайта өрлеу дәуірінде негізі қаланған антропологизм мен Леонардо да Винчидің, Н. Коперниктің, Г. Галилейдің, И. Кеплердің және И. Ньютонның дайындаған ғылыми алғышарттары үлкен әсерін тигізді. XVII ғасырға қарай классикалық механика, жаратылыстанымдық ғылымдардың эксперименталдық негіздері шапшаң дами бастады. Осы себепті де философия мен ғылымның арақатынасын анықтау маңызды мәселеге

айналды. Парадигмалардың өзара алмасуының нәтижесінде табиғат пен заттар әлемі обьектіге, ал адамның өзі субъектіге айналды. Терминологиядағы өзгерістер тілдің стратегиясына ықпал етіп, ол өз кезегінде философияның жаңа стратегиясының пайда болуына әкелді. Бэконнан Кантқа дейінгі жана замандақ философтар жаңа философиялық стратегия ретінде эпистемологияны қалыптастырыды.

Ғылыми рационализм қалыптастан бұл дәүірде алғаш рет дін ғылыми-философиялық тұрғыдан сыналды, табиғат эксперименталды түрде зерттеліп, әлемге адамның үстемдігі уағыздалды. Жаңа замандақ философияның методологиясының негізін қалаушы ағылшын философи Фрэнсис Бэкон (Веруламский) деп есептеледі. Ол осы методологияның мынадай ұстындарын ұсынды: табиғатты зерттеудегі обьективтілік, ғылыми және философиялық әдістің өзіндік құндылығы, табиғаттан технологиялық үстемдік, табиғи әлемді зерттеудің индуктивті әдісі. Ф. Бэкон қайта өрлеу дәүіріндегі ғылыми идеялардың әсерін бойына сініре отырып, догматизм мен схоластикаға, ортағасырлық перипатетизмге соққы беріп, табиғатты зерттеудің тәжірибелік-индуктивтік методын ұсынды, эмпиризмнің негізін қалады. Ол өзінің «Жаңа органон» еңбегінде Аристотельдің логикалық шығармаларына сүйеніп ортағасырларды органон деп аталған дедуктивті-силлогистикалық методологияға қарсы өзінің эмпирикалық-индуктивті методологиясын ұсынды. Жекеден жалпы қорытынды шығаруға негізделген индукция Бэконға дейін де белгілі болғанымен, ол бакылаудағы жағымсыз инстанцияларды эксперимент арқылы дәлелдеу негізінде индукция теориясын одан әрі терендедті (материал жинау, жылуын, тығыздығын, салмағын және т.б. зерттеу арқылы талдау немесе анализ, синтездеу, аналогия және т.б.). Оның ойынша, индуктивті ойкорытындыадам ақылданағы кемшілікті жойса, ал эксперимент сезімдегі қателіктерге жол бермейді. Бэконның сыйныл, эмпирикалық және практикалық методологиясы кейінгі Еуропаның бүкіл ғылыми-философиялық атмосферасына аса үлкен ықпалын тигізді. Бэкон педагогикаға сирек әрі кездейсоқ қана бет бұрганымен, оған терен және шешуші ықпал етті. Ол адам рухын бұрынғы абстракттылы-схоластикалық тәрбиеден босатып, бүгінгі реалистік педагогиканың қалыптасуына дүмпү берді.

Жаңа заманда, жоғарыда айтылғандай, философиялық проблематиканың өзгеруіне қарай білімнің қайнар көзі, ақиқаттың өлшемі мәселелері алдынғы орынға көтерілді. Егер рационалистер (Р. Декарт, Б. Спиноза, Г.В. Лейбниц) ақиқатты рационалды интуиция арқылы өзінен-өзі көрнекіліктен көрсе, эмпиристер (Дж. Локк, Д. Юм) ақиқатқа бакылау арқылы, «эмпирикалық тексеру» арқылы жетуге болады деп есептесе, ал неміс ойшылы Иммануил Кант бұл тайталасты өзінің трансценденталдық философиялық ілімі арқылы шешуге тырысты. Канттың идеялары немістің классикалық филосфиясының қалыптасуына серпін берсе, XVIII ғасырда орын алған интеллектуалдық-мәдени құбылыс – Ағартушылық (көрнекті өкілдері – Ж. Мелье, Ш.Л. Монтескье, М.Ф. Вольтер, Ж.-Ж. Руссо, Д. Диодро және т.б.) Батыс Еуропадағы білім беру мен тәрбиенің, университеттер өмірінің белсенділігінің артуына, мәдениеттің жоғары өрлеуіне өзіндік үлкен әсерлерін тигізді.

Жаңа замандағы европалық мәдениет XIX ғасырды да қамтиды. Бұл ғасырда буржуазиялық өркениет есейіп, өзінің дағдарыстық шағына өтеді. Бұл қоғамның рухани өмірінен, көркем мәдениеттен аңғарылады. Оның мәдениеті де, жаңа замандақ мәдениет сияқты рационализмге, антропоцентризмге, сциентизмге, европоцентризмге негізделеді. Іргелі дүниетанымдық мәселелерді шешу барысында жаңа замандақ мәдени негіздерді сактап қалуға тырысқанымен, ақыры сонында бірінші дүниежүзілік соғысқа әкелген рухани құндылықтарды қайта бағалау орын ала бастайды.

Бұл ғасырда адамзаттың ежелгі дәүірден орта ғасырларға, одан Жаңа заманға өту кезеңіндеғімен пара-пар ұлы мәдени төңкеріс орын алады. Осылай байланысты атақты философ және мәдениеттанушы Хосе Орtega-и-Гассет былай деп жазды: «Біз шындығында XIX ғасырдың өндіріп шығарған адамзат тағдырының түбірлі өзгерісінің алдында тұрмыз... Бұл жаңа әлемді үш ықпал өмірге әкелді: демократия, эксперименталды ғылым және индустріалдандыру. Соңғы екеуін «техника» деген атаумен біріктіруге болады» [1, 29-бет.]. Бұл ахуал дүниетанымдық және ғылыми-техникалық төңкерістермен қатар, европалық мәдениеттің тағдырын айқындаған үш ұлы дәүірлік сипаттағы оқиғалардың салдарынан болды. Олар - Англиядағы өнеркәсіптік төңкеріс, Солтүстік-американдық отарлардың тәуелсіздік үшін күресі және Ұлы француз революциясы. Дәл осы оқиғалар Жаңа замандағы әлеуметтік-мәдени үдерістердің келбетін айқындаады. Және бұл жоғарыда сипатталған үрдістер білім беру мен тәрбие ісінің де барысын айқындаады.

Жаңа заманда білім беру мен тәрбие университетпен байланысын сактап қала берді, бірақ аталған дүниетанымдық парадигмалардың өзгерісіне қарай, мазмұны мен сипатын өзгертті.

Жаңазамандық өркениет қалыптаса бастаған тұста университет ортағасырылқ қоғамның, схоластика мен консерватизмнің тірегі болып қалды, басым көпшілігінде академияларда дамыған галилейлік ғылымға қарсы болды. Университет әлі де болса, жазба мәдениеттің ескі дәуіріне тиесілі болды. Тыңдаушылар профессорлардың кафедрадан оқытын кітап қолжазбаларының мазмұнын конспектілайтін, кейін оларды өз кезегінде студенттердің кейінгі буынына береді. Академиялар болса, өзінің жаңашылдық сипатына орай, ғылымды технологиялық практикада колдануға бейім болды. Олар сонымен бірге, жазба емес, баспа дәуірінің басталуымен тығыз байланысты болып, алғашқы баспасөздік ғылыми журналдарды жариялады.

Дегенмен, Санкт-Петербург университетінің профессоры К.С. Пигровтың пікірінше, «ортағасырылқ университет Жаңа заманда да өлген жоқ. Бұқаралық білім беру жүйесінің қалыптасуы «жана шаралты ескі ыдыска құю» жолымен жүрді: университет жаңа ғылымды игерді және академиямен өзара әрекеттесе отырып, шын мәнінде, сциентистік өркениеттің көшін бастады. Баспаның арнайы университеттік формасы оқытылатын пәнді жүйелі түрде және толығымен баяндайтын оқулық болып табылды. Жалпы мәселелер жүйелі басылатын оқулық пен жаңашылдықтар, жаңа зерттеулердің нәтижелері басылатын ғылыми журналдың сұхбаты жаңазамандық ғылымның жалпы дамуының негізгі өрісін құрады» [2, 18-бет.].

Жаңа замандағы көрнекті ойшыл-педагогтардың қатарына Я.А. Коменскийді, Жан-Жак Руссоны, И.Г. Песталоцциді, Дж. Г. Ньюмен мен В.фон Гумбольдтті жатқызуға болады. XVII ғасырда Чехияда туып өсken Ян Амос Коменскийді (1592 - 1672) «педагогтардың арасындағы ұлы философ және философтардың арасындағы ұлы педагог» деп сипаттайды. Жастайынан схоластикалық білім мен тәрбие алғанымен, кейіннен Декарт пен Бэконның ілімдерін тамаша игеріп, Коменский ортағасырылқ схоластика мен метафизикаға қарсы шықты. Қарма қарсы екі тәсілді – дедуктивт және индуктивті тәсілдерді қорыта отырып, ол «табиғи» (механикалық) тәсілдің негізін қалайды. Бұл тәсілдің онтайлылығы сол, ол субъекттің бойында ақылды, ерікті және белсенделікті тәрбиелейтін үш әмбебап объектті - Құдайды, әлемді және адамды әрі онай, әрі толық тануға мүмкіндік береді.

Коменский өзінің ең басты еңбегі – «Ұлы дидактика» шығармасын 1628 жылы жазды. Тарихшылар ғылым ретіндегі педагогиканың атасы ретінде танитын Коменскийдің бұл еңбегінің атағы сол кездері бүкіл Еуропаға тарады және бұл шығарма қатаң тәртіпке құрылған тұтастай ғылыми жүйені құрады. Л.Н. Модзалевскийдің пікірінше, «кейінгі еуропалық педагогтар оның дидактикасының тек кейбір жекелеген қағидаларын алып дамытты да, тарихта өздерін барынша танымал етіп алды: мысалы, Локк, Базедов, Франке, Руссо, Песталоцци, Ланкастер, Дистервег, Шмидт және т.б. осындей. Әмбебапты манызға ие болған бұл еңбектен кейін мектептерде тәрбиелі оқытудың «Ұлы дидактикада» бекітілген принциптерін жекелей бекітіп, одан әрі дамытқан басқа басылымдар да пайда болды және Коменскийдің атының танымал болғаны соншалық, көпжылғы соғыстардан титықтаған өздерінің оку жүйесі мен білім беруін қайта құру үшін әр алуан өкіметтер оны өздеріне шақыра бастады» [3, 297-298-беттер].

Коменскийдің философиялық-педагогикалық көзқарасын пансофия деп сипаттайды. Жалпы даналық ретіндегі пансофияның негізіне үш ұстын – сезімдік таным, ақыл-ой, қасиетті аян – жатады. Ол туралы ұлы педагогтың өзі былай дейді: «Әлемнің тірі бейнесін білдіретінді, яғни бір нәрсе екіншісімен байланысты болатын, бір-бірін қолдайтын, бір-біріне тиімді ықпал ететін бейнелеуді білдіретінді мен пансофия деп атайдын» [4, 129-бет.]. Басқаша айтқанда, «пансофия» – бұл кейінірек университеттік білім берудің басты ұстындарының біріне айналатын ғылымдардың интеграциясы идеясы, бұл білімнің әмбебаптылығы ұстыны бейнеленген ғылым мен философияның өзіндік энциклопедиясы. «Пансофия» – бұл күмән тудырмайтын, бірақ одан арғы шексіз ой-толғауларды, пайымдар мен аяндарды тудырудың көзі болып табылатын ақықаттың шынайы әрі қарапайым түрде берілетін даналығы.

«Ұлы дидактикада» мектептердің төрт сатылы баспалдағының сипаттамасы келтіріледі. Жылдың төрт мезгілге бөлінегінің сияқты, адамның жасын да төртке жіктеуге болады: сәбілік, балалық, жасөспірімдік және ересектік. Осы әрбір жасқа бір «алтыңылдық» сәйкес келіп, бұл мектепті жогарыда айтқан төрт сатыға бөлуге негіз болады: біріншісі, бір жастан жеті жасқа дейінгі «ана мектебі»; екіншісі, жеті жастан он екі жасқа дейінгі элементарлық мектеп; үшіншісі, он екіден он сегіз жасқа дейінгі гимназия немесе латындық мектеп; төртіншісі, он сегізден жиырма төрт жасқа дейін академия. Ана мектебі – әрбір үйде (отбасылық тәрбие), элементарлық мектеп – әрбір қауымда,

ауылда немесе жергілікті мекенде, гимназия – әрбір қалада, ал академия (жоғарғы мектеп) әрбір мемлекетте немесе маңызды провинцияда болуы тиіс. Академияда адам шынайы білімге ие болады, онда ғалымдар мен жетекшілерді даярлайды. Бұл бөлініс білім беруді үйымдастырудың казіргі құрылымының негізін құрайды. Жоғары мектептің қажеттілігін негіздей отырып, Коменский өз ілімінде мынадай ұстыйндарды ұстанады: білім берудің әлеуметтік пайдалылығы принципі (әлеуметтік-утилитарлық сипат); білім беру саясатында әлеуметтік тенденциялық принципі; білімнің әмбебаптылығы принципі; білімнің адамзат тегіне бағдар ұстануы принципі. Я.А. Коменскийдің педагогикалық, дидактикалық ілімі өз заманындағы және одан кейінгі дәуірдегі педагог-оішылдардың көзқарастарына тікелей және жанама ықпалын тигізді.

Коменскийдің замандасы бэкондық философияны жалғастыруышы ағылшын ойшылы Джон Локк (1632-1704) өзінің «Адамзат санаасы туралы тәжірибеле», «Тәрбие туралы ойлар» атты еңбектерінде кейін университеттің классикалық идеясының, зерттеу мен оқытудағы академиялық еркіндік идеясының, білім берудегі демократиялық сипаттың бастауының іргелі негізіне айналған еркіндіктің буржуазиялық мұратының негізін қалады. Жаңа замандағы педагогикалық ойдың дамуы, сондай-ақ Германияда реалистік педагогиканы қалыптастыруға көп еңбек еткен Вольфганг Ратихтің (1571-1635), сатылы реалистік мектепке діни оппозиция түрінде көрінген католиктік янсенизм өкілі француз Фенелонның (1651-1715), протестантизмдегі пуританизмнің өкілі ағылшын Мильтонның (1608-1674), пietизмнің өкілі неміс Франкенің (1663-1727) көзқарастарымен байланысты болды.

Білім беру мен тәрбиеге қатысты философиялық ойдың одан арғы дамуы гуманизм мен реализм арасындағы құреспен сипатталды. Сыңаржакты теологиялық дүниетаным мектепті тар шенберге тығып, оны өмірден алыстата бастаған тұста оның барлығын сынға алып, мектепті өмірмен, табиғильтікпен байланыстыруға тырыскан *реалистік* мектеп пайда болды. Англиядан шыққан бұл бағыт Францияда материализмге өнін айналдырып, өзінің шегінен шыққан түріне кезікті. Бірақ ол тәрбие ісін толық шарпи алмады, өйткені оған Германияда білім беру мен тәрбие ісінде көне тілдерді қайта тірілткен *гуманизм* принципі қарсы тұрды.

Жаңа позитивті ғылымдар мен философиялық жүйелердің пайда болуымен реализмнің онан арғы дамуы жаңа діни бағыт - деизмнің пайда болуымен жалғасты. Деизм мына қағидаларға сүйенди: адам тек ақыл-ой заңдарына сыйымды нәрсени ғана тани алады; өзіндік сана адамзаттың рухани әрекетінің ең жоғарғы және шынайы акті; қасиетті Аян қалың бұқара үшін тәрбиелік сипатқа ие, оның философиялық ғылымдар үшін мәні жоқ. Деизм тәрбие ісінде масондардың шығармаларын қолданды. Соның ішіндегі ең әйгілісі Даниель Дефоның «Робинзон Крузоның өмірі мен бастан кешкендері» романы болатын. Ал гуманистерді өзінің әр алуан белгілеріндегі иезуитизм де, пietизм де, ортоқсалды мектептердің схоластикасы да, утилитаризмнің соңына түскен жаңа реализм де қанағаттандырмады. Олар өзінің тарихы, поэзиясы мен өнері бар классикалық мәдениет қана жас өркеннің бойында кемел адам идеясын құя алады.

Еркін ойға барынша берілген француз реализмінің көрнекті өкілі, өз пікірімен Еуропаның да, бүкіл адамзаттың да ойлау мәдениетіне ықпал еткен ойшылдың бірі Жан-Жак Руссо (1712-1778) болды. Ол өзінің «Өсиет», «Эмиль, немесе тәрбие туралы», және «Юлия, немес Жаңа Элоиза» деген еңбектерінде Руссо баланың тұлғалық қасиеттерін басып жаншитың, оның жас шамалық, индивидуалдық әрекшеліктерін және өірдің қажеттіліктерін ескермейтін сол заманғы білім беру жүйесін қatal сынға алды. Осыларды ескере отырып, француз ойшылы оқушыларды жеке тәжірибе мен еңбек дайындығына сүйеніп оқытуды талап етеді. Оның пікірінше оқытудың осындай түрі өскелен үрпақты практикалық дағылар мен шеберліктерге ғана емес, жоғары адамгершілік сабактарын алуға да бейімдейді. Оның есептеуінше тәрбие адамның бойында азаматтық жауапкершілік, еңбексүйгіштік, адалдық және гуманизм сезімдерін егуге бағытталуы керек.

XIX ғасырдағы неміс философиясы, оның ішінде Вольф, Кант, Фихте, Шлеермахер, Гегель, тұлға мен оның өзіндік санаасын гуманистік білім беру тұрғысында дамыту идеясын алға тартты және мектептік, университеттік білім беру жолын осыған сәйкес құруды ұсынды.

Әлемдік педагогиканың келесі бір көрнекті өкілі Иоганн Гейнрих Песталоцци болып саналады. Оның негізгі идеясының дәнегін ұлтты өзгертуге бағытталған жаңа тәрбие болып саналады. Халық мектебі идеясын практика жүзінде іске асырмакшы болған үшін кейбіреулер оны әлеуметтік-педагогикалық утопист қатарына жатқызады. Адамға үш күштің – білімнің, қабілеттің және

жаннының - берілүіне қарай, Песталоцци оқытуды үш кезеңге бөледі: зерделік, физикалық және адамгершілік. Тәрбиенің мақсаты - тұлғаның зерделік, физикалық және адамгершілік әлеуетінің арасындағы тепе-тендікпен сипатталатын «қосынды құштерді» дамыту. Бұл кезеңдердің әрқайсында адамның ішкі құштерін дамытуға итермелейтін оққ құралдары болады.

Философия ғылымдарының кандидаты Шолпан Ибжарова песталоцидің тәрбие теориясын талдай отырып, оның «мынадай жаңашыл принциптерін айқындауды: оқытуды психологияландыру принципі және көрнекілік принципі» [5, 26-бет.]. Песталоцци сондай-ақ формальды білім берудің негізін қалауды, бастауыш оқытудың әдістемесін құрды, ана тілді оқытудың жалпыпедагогикалық мәнін ашты. Бір сөзben айтқанда, Песталоцци қазіргі ғылыми педагогиканың негізін қалаушылардың бірінен саналады.

Жалпы білім беру мен университеттің мінсіз үлгісін пайымдау француздың саяси төңкерісінің лебімен дүниетанымдық төңкеріс жасауға ұмтылған неміс философиясы мен педагогикасының негізгі тақырыптарының бірі болды және ондағы жоғары білім берудің өмірге енген идеялары ұлттық шекарадан асып, жалпыөркениеттік сиаптқа ие болды. Университет идеясын тұтастай және жүйелі зерттеп, оның германдық немесе классикалық үлгісін практика жүзінде іске асырған Вильгельм фон Гумбольдт (1767-1835) болды. Сол кездегі Германияда біріншіден, ескі феодалдық тәртіп пен жаңа капиталистік қатынастардың тартысы және екіншіден, ұлттық өзіндік сананың өсуі барысында Гумболтттың өмірге енгізген жаңа типті университеттің кейіннен сурпалық және американдық университеттердің эволюциялық дамуының өлшеміне айналды. Бұл зерттеуші университеттердің ұстанған принциптеріне мыналарды жатқызуға болады: салыстырмалы дербестік барысында мемлекеттік қолдау принципі; зерттеу мен оқытуда академиялық еркіндік; зерттеу мен оқыту білім берудің мәні ретінде; университет қоғамдық өмірдің белсенді элементі ретінде; білім мен білімпаздықтың абырайын этикалық негіздеу.

Университеттік білім берудің тағы бір тұтас тұжырымдамасы ағылшын Дж. Г. Ньюменнің есімімен байланысты. И. Бентамның утилитаристік ілімімен карсы куресте оның интеллектуалдық университет теориясы немесе либералдық университет идеясы жеңіп шықты. Оның «Университеттік білімнің мақсаты мен табигаты туралы пайымдаулар немесе Университет идеясы» деп аталатын еңбегінде университеттің қоғамдағырөлі тұнғыш рет арнайы әрі толық баяндалады. Ол утилитаристермен пікірталаста «пайдалы» (практикалық) мен «жақсындық» (еркін, либералды) арасын ашып қана қоймай, университеттің оқытумен, тәрбиелеумен қатар, қалыптастыратынын ескертіп, оны Фаламның мәдени Орталығы деп сипаттайды.

В. фон Гумбольдттың зерттеуші университет идеясы мен Дж.Г. Ньюменнің интеллектуалды университет идеясы жоғамры білім беру мен тәрбиенің одан арғы дамуына орасан зор әсер етті.

Жалпы он сегізінші ғасырдан бастап, білім беру мен тәрбие адамның өзі тудырған оның екінші дүниесін мәдениет әлемімен тығыз байланыста түсіндіріле бастайды. Ал білім беру мен мәдениеттің арақатынасы мәселесі келесі тараушада ғылыми талдаудың нысанына айналып, кеңінен сөз болады. Дегенмен, XX ғасырдағы білім беруге деген философиялық көзқарастарға келсек, онда Ф. Ницше, Дж. Дьюи, М. Бубер, К. Ясперс, Д.Н. Уайтхед, К. Поппердің есімдерін ерекше атап етуге болады.

Осылайша білім беру мен тәрбие және оның философиясы адамзат өркениетінің дамуымен бірге осындағы ұзын сонар тарихи-мәдени даму жолынан өтті. Әрқылы өркениеттерде оның өзіндік ерекшеліктері болды, адам мен азаматты индивидуалды әрі әлеуметтік жетілдіруде, қоғамдық өмірдің бір сатысынан екіншісіне көшетін өтпелі кезеңдерінде көркейген және дағдарыска түсken кездері де болды. Постиндустриалды, ақпараттық, кибернетикалық, биотехнологиялық, антропологиялық деп әртүрлі анықталатын әлемдік өркениеттің табалдырығын аттаған жаңа қоғамға өтудің сондай сындарлы сәттерінің бірін бүгінгі адамзат бастан кешіп отырған тәрізді. Бұл білім беруді, тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, жаңа ұстындарын, жаңа философиялық және педагогикалық идеяларды іздестірудің көкейтестілігін аңгартады.

Бірнеше ғасырларларға созылған отаршылдық пен тоталитаризм құрсауынан босанып, осыдан он бес жыл бұрынға тәуелсіздікке қол жеткізген, әлі де болса буыны қатая қоймаган жас мемлекетіміздің ендігі міндеті – осы тәуелсіздік пен егемендікті, еркіндік пен дербестікті бекітіп орнықтыру және көздің қарашығындағы корғай білу. Егеменді елдің келешегі оның өскелен ұрпағын, республиканың болашақ азаматтарын оқытумен және тәрбиелеумен байланысты екендігін ескерсек,

оларға терен көсіби білім берумен қатар, халықтың өткен тарихы мен дәстүрге деген құрметтке, отансүйгіштік сезіміне негізделген ортақ мәдениетті егу, нағыз зиялыштық және моральдық қасиеттерді дарыту өте өзекті мәнге ие болады. Бұл мәселе, әрине, отандық педагогика ғылымымен қатар мәдениеттану ғылымына да келелі міндеттер жүктейді.

Қазақстан Республикасындағы бүгінгі қалыптасқан саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени ахуал жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелерін жаңаша пайымдауды талап етеді. Тарихи тәжірибе дәлеледеп көрсеткендей, халықтың алдыңғы рухани мұрасынан, оның ішінде ұлттық педагогикалық дәстүрлерінен тамырының ажырауы ұрпақтардың сабактастық байланысының үзіліune және гуманистік мұрагжаттар мен рухани құндылықтардың құлдырауына әкеліп соғады.

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен, сондай-ақ 1997 жылдың «Қоғамдық келісім және саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы», 1998 жылдың «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999 жылдың «Ұрпақтар бірлігі мен сабактастығы жылы» деп жариялануымен қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі және кеңес дәуіріндегі еліміздегі білім беру жүйесінің қалыптасу үрдістері, қазақтың зиялыш қауымының өкілдері тарихи шындық толығымен қалпына келтіріле бастады, олардың қоғамдық-саяси, ағартушылық және әдеби қызметтерінің ақыратының жаңа беттері ашылды. Олардың көпшілігінің шығармашылық мұрасы ұзақ уақыт бойы айтылмады не болмаса кеңестік демократияға қарсы бағытталған буржуазиялық-ұлттышылдық ретінде айыпталып келді. Дегенмен, қазақтың бұл ақталған қоғам, мемлекет және мәдениет қайраткерлерінің шығармашылық мұрасы салмақты әрі маңызды. Олардың шығармашылығына бет бұру олардың есімдерін актап, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру үшін ғана емес, тәуелсіз елдің жас буынын тәрбиелеу үшін де қажет.

Біздің қарастырып отырған XX ғасырдың басындағы бұл кезеңіміз қазақ даласы үшін қылыш кезеңдермен сәйкес келеді. Самодержавиелік монархияға қарсы Ресейде болып өткен 1905 жылғы және 1916 жылғы буржуазиялық-демократиялық төңкерістер оның бодандығында қалып отырған Қазақ өлкесін де қамтыды. 1905 жылғы Каркаралы петициясы, 1916 жылғы Торғай мен Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілістер, Алаш ұлттық-демократиялық қозғалысының пайда болуы бұл дәуірде ұзакқа созылған отаршылдықтан кейін қазақ халқының ұлттық санасының оянуын білдіреді. Қазақтың зиялыш қауым өкілдерінің анағұрлым прогрессивті өкілдерін қазақ мемлекеттілігін қайта тулету, білім мен мәдениетті дамыту идеялары біріктірді, олар модернизация, замана ағымына бейімделу, әлемдік өркениеттің данғыл жолына тұсу және тез өзгермелі заманда болашаққа бағдар ұстайтын стратегиялық курсты айқындау міндеттерін шешуге ұмтылды. Алайда большевиктердің билік басына келуі бұл мақсаттың тамырына балта шапты. Ресей және оның ұлттық аймақтармен қарым-қатынасының демократияландыру мүмкіндігін большевиктер кесіп таставы. Үлкен адамдық, интеллектуалдық шығындар мен моральдық құрбанықтарды арқалай отырып, қазақ халқының ұлттық дамуы артқа лақтырылды. Бірнеше ондаған жылдарға созылған құрестегі жеңілістен кейін тәуелсіздік идеясы түбірлі өзгерістерге ұшырады, өз бойына әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени мәселелердің бір шоғырын жинақтады.

Қазан төңкерісінен кейін қазақ даласында орыстандыру саясаты онан ары жалғасын тапты. Қазақ даласындағы дәстүрлі халық ағарту оған дейін негізінен екі бағытта жүрген еді: діни және зайырлы бағыттарда. Мұсылмандық мектептер екі категорияға бөлінді: ескі әдістік («қадим») және жаңа әдістік («джадид»). XX ғасырдың басында мектептер уақытың өсе түсін талаптарын орындаудан қала бастады. Конфесиялық мектепті реформалау қозғалысы басталды, ал оның ұйымдастыруышылары джадидстер болды. Олар әріппен оқыту тәсілін дыбыспен оқыту тәсілімен алмастыруды жақтады, мектептерге арифметика, география, жаратылыстану, тарих сияқты зайырлы пәндерді енгізуі талап етті. Діни білім беру жүйесінде медресе үлкен ықпалға ие болды. Олар молдаларды, мектеп мұғалімдерін даярлап шығарды және әдette мешіттердің жаңында қызмет етті. Медресенің типіне қарай оқыту мерзімі үш жылдан төрт жылға дейін анықталды. Исламды үйренумен қатар оқушылар философиядан, астрономиядан, тарихтан, лингвистикадан, математикадан, медицинадан білім алғып шықты. А. Құнанбаев, С. Торайғыров, М. Сералин, М. Жұмабаев және т.б. қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткерлері осы ортадан шыққан еді.

Қазақ даласындағы зайырлы сипаттағы оку орындары патша өкіметінің отаршылдық саясатын жүргізумен байланысты ашылды. Жергілікті жерде отаршылдық тың басқару аппаратын қалыптастыру үшін қазақ-шенеуніктер қажет болды. Осы мақсатта орыс-қазақ мектептері ашылып, онда аудармашылар, мұғалімдер, дәрігерлер даярланды. Сондай-ақ бұл мектептердің орыстандыру мін-

детін қойғандығы да белгілі. Самодержавиенің бұратана халықтарға қатысты ағартушылық ерекетінен миссионерлік-христиандандыру үрдістерін де аңғаруға болады.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қазақ даласына енгізілген жаңашылдықтар жаңа мектепті құрастыру ісіне, халық ағартуға, тәрбиелеуді дамытуға, педагогикалық және психологиялық ойдың енгізілуіне жағымды әсерін тигізді.

1920 жылдың казанында А. Байтұрсынов басқарған Қазақ АССР Ағартушылық Халық Комисариаты құрылды. 1921 жылдың ақпанында ағарту саласы қызыметкерлерінің Бұқілқазақстанның конференциясы болып өтті. Оңда біртұтас типтегі мектеп құрылышының (кәсіптік-техникалық, саяси-тәрбиелік мәселелер, балаларды қорғау, сондай-ақ оқыту мен тәрбиелеуге қатысты өзге де мәселелер) қарастырылды.

1920-1921 жылдары бұрын жұмыс істеген менктептер қайта қалыптастырылып қана қоймай, жаңалары да ашыла бастады. Білім берудің екінші сатысы – орта мектептердің саны арта бастады.

Мектеп құрылышы барысында әртүрлі саяси бағдардағы қоғам қайраткерлерінің топтары қатысты: төңкеріске дейінгі халық мұғалімдері, төңкеріске дейін алашордашылар қозғалысына белсene қатысқан зиялды қауым өкілдері (А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, Ж. Аймауитов, С. Асфендиаров, ерлі-зайыпты Құлжановтар), большевиктік мемлекет қайраткерлері (С. Менделев, М. Жолдыбаев, С. Сейфуллин, С. Сәдуақасов, О. Жандосов және өзгелері). Бұл қазақ мектебінің даму жолдары туралы өткір пікірталастар тудырғанымен, оқу орындарының оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны мен формаларындағы тарихи-мәдени ұлттық дәстүрлердің бекітілуіне өзінің онтайлы ықпалын тигізді.

1922-1923 жылдары Академиялық орталық ұлттық мектептерді оқулықтармен және бағдарламалармен қамтамасыз ету бағытында қомақты енбектер атқарды. Орталық физика, алгебра, грамматика, педагогика, мектеп гигиенасы және өзге де пәндер бойынша оқу құралдарын шығару жұмысына қазақтың зиялды қауым өкілдерін тарта білді. Қазақ тілінде оқулықтар құрастыруда А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Әүезов және басқа да авторлар жұмыс істеді. Олар оқыту мен тәрбие процесін ұлттық мазмұнмен байытуға, тарихи-мәдени және өлкетанушылық білімдерді кеңейтүге ұмтылды. Әсіресе Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық фольклор мен авторлық әдебиеттің үлгілерін барынша кең пайдаланған «Әдебиет танытқыш» оқулығын ерекше атап өтуге болады. Тоталитарлық тәртіптің дәуірлеп тұрған кезінде қазақтың ұлы ойшылының атына қара күйе жағылып, оның енбектеріне тыйым салынған тұста жоғалып кеткен бұл оқу құралын халқына қайтарып, қалың оқырманға ұсынған Әди Шәріпов болатын. Атаптың енбекті бүтінгі бастауыш сыйнұтарда қолданылып жүрген оқу құралдарынан әлдеқайда артықшылықтары болса да, ол әлі күнге дейін қолданыска түспей, осы мұра қөдеге асырылмай келеді.

1927 жылдан бастап білім беруді орталықтандыру мен еңбек мектептерін қалыптастыруға деген бағыт ұсталынды. Оқу процесін ұйымдастырудың актандактар өте көп болды, өйткені жаңа типті мектептер үшін ұлттық кадрлар жетіспеді, қазақ тіліндегі оқулықтар мен бағдарламалар аз болды, ғимараттар жетіспей, балалар жартылай жалаңаш болды. Қазақ мектептері үшін оқытушылар дайындау уақыттың ең бір өзекті мәселелерінің біріне айналды. 1930-жылдардың басында жалпы тиражы жарты миллионнан асатын 30-ға жуық оқулықтар басылды. 1925 жылы мұғалімдер үшін ғылыми-әдістемелік журналдар шыға бастады, олардың бірі «Жаңа мектеп» журналы қазір «Қазақстан мектебі» (Школа Казахстана) деп аталағы. Олардың беттерінде оқыту және тәрбиелеу процестеріне қомақты көмек көрсеткен жетекші оқытушылар мен қазақ ғалымдарының әдістемелік мақалалары жарияланып тұрды.

Дегенмен, мектептік білім беру жүйесінде орталықтық болсын, жергілікті болсын партиялық-мемлекеттік құрылымдардың идеологиялық-саяси ықпалы ерекше күшін сактап қалды. Олар білім мен тәрbiеде ұлттық компоненттің қажеттілігін мойындағанымен, алашордашылдардың мектепке ықпал етуіне құрт қарсы болды. Сондай-ақ азғанда үақыттың ішінде әріптің бір емес үш мәрте ауысуы да, яғни бастапқы арабша тәтте жазудан латын әрпіне, онан кейін кириллицаға көшу де отаршыл биліктің мәнгүрттендіру саясатынан хабар беріп, Қазақстандағы білім беру жүйесін дамытуға көрі әсерін тигізді.

Осылайша, 1920-1930- жылдары Қазақстанда халық ағартудың мынадай жүйесі қалыптасты:

- 1) мектепке дейінгі мекемелер – бала бақшалар, аланқайлар; 2) бірінші сатылы мектептер – бастауыш, мектеп-коммуналар, ФЗУ және өзгелері; 3) жетіжүйлік мектептер; 4) екінші сатыдағы мектептер – жалпы, орта, мектеп-коммуналар, ШКМ және өзгелері; 5) 3-4 жыл оқытылатын техникалар; 6) жоғары оқу орындары. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысадын ауылдарда көбіне екіжүйлік-мектептер (1-сатылық мектептердің 1-2 сыйнұтары) мен 1-сатының мектептері (интер-

натымен қоса) қызмет етті. Мектептердің мұндағы жүйесі қазақтардың ауыл тұрғындарын да, қала тұрғындарын да оқумен қамтуға мүмкіндік берді.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін, жалпы аталмыш ғасырдың бірінші жартысында Қазақстандағы ағарту жүйесінің құрылымы мен мазмұны, тарихи-мәдени алғышарттары мен ерекшеліктері, қысқаша айтқанда, осында болды.

Әлеуметтану үшін құндылықтар әлеуметтік өзара әрекеттерді реттеудегі адамның рөлін анықтау тұрғысынан қызықтырады. Құндылықтық бағдарлар, әлеуметтік қондырығылар мен нормалар, жүргіс-тұрыс принциптері сенім мен көзқарасты қалыптастырады. Олардың бірі адам әрекетіндегі стратегиялық бағдар рөлін атқарса, екіншілері нормативтік бағыттар болып табылады, ал үшіншілері адамның қылығындағы детерминанттар болып саналады.

Жан-жакты жоғары дамыған тұлғаны қалыптастыруды көздейтін білім берудің гуманистік мақсаты осы ағартушылық саласының мазмұнын қайта қарауды керек ететін төрізді. Ол өз бойына тек соңғы ғылыми-техникалық ақпаратты ғана емес, сонымен қатар, гуманитарлық-тұлғалық қырынан дамитын білімдер мен дағдыларды, шығармашылық әрекеттің тәжірибесін және тұлғаның әлем мен адамға деген эмоционалдық-құндылықтық катынасын, сондай-ақ алуан түрлі өмірлік ахуалдарда жүргіс-тұрыстарды анықтайтын адамгершілік-эстетикалық сезімдердің жүйесін енгізеді.

Корытындылай айтқанда еліміздің білім жүйесі қазақстандық экономиканың талаптарына жауап беру барысында Еуропа елдеріндегі білімдегі жаңа технологияларды, дәстүрлерді, жасампаз үлгілерді ескере отырып қазақ елі үшін жас ұрпақ тәрбиелу үрдістерінде, ұлттық дәстүрлерді еске ала отырып одан ері қарай даму үстінде. Осы ойдын ең жарқын дәлелі ретінде біз барлық қазақстандық білім жүйесінде үш тілділікті (қазақ, орыс, ағылшын) жүзеге асыру үрдістерін айттар едік.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Абдакимов А. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). – Алматы: РИК, 1994. – 235 с.
- [2] Дубинин Н.П. Что такое человек. – М., 1983. – 255 с.
- [3] Храпченков Г.М. Проблемы содержания и методы обучения в школах Казахстана. – Алма-Ата: Мектеп, 1983. – 135 с.
- [4] Толстой Л.Н. О воспитании // Педагогические сочинения. – М., 1953. – 400 с.
- [5] Вульфов Б.З., Иванов В.Д. Основы педагогики в лекциях, ситуациях, первоисточниках. – М., 1997. – 317 с.

REFERENCES

- [1] Abdakimov A. History of Kazakhstan (since the most ancient times up to now). Almaty: RIK. 235 p. (in Russ.).
- [2] Dubinin N.P. What is the person. M., 1983. 255 p. (in Russ.).
- [3] Hrapchenkov G.M. Problems of contents and methods of training at schools of Kazakhstan. Alma-Ata: Mekter, 1983. 135 p. (in Russ.).
- [4] Tolstoy L.N. About education // Pedagogical compositions. M., 1953. 400 p. (in Russ.).
- [5] Vulfov B. Z., Ivanov V.D. Fundamentals of pedagogics in lectures, situations, primary sources. M., 1997. 317 p. (in Russ.).

К ВОПРОСУ О ПРЕЕМСТВЕННОСТИ ЕВРОПЕЙСКОГО И КАЗАХСАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

З. К. Аюпова¹, Д. У. Кусаинов²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

²Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: ценности образования, культура и образование, духовный кризис, духовные поиски, стратегия образования, воспитание патриотизма, кадровое обеспечение экономики, традиционное образование, личностная детерминация, экзистенциальная дилемма.

Аннотация. Понятие ценности, цели, идеалов. Специфика духовных ценностей. Ценности культуры и образования. Идеализм, реализм (материализм), прагматизм, экзистенциализм, гуманистическая (недирективная) парадигма как основные образовательные стратегии. Человек как цель образования. Духовность как гуманистический идеал образования XXI века. Потребности, интересы, ценности и формы их реализации. Ценностность, ценностная ориентация, оценка, ценностное отношение. Социальная и личностная детерминация ценностных ориентаций. Духовный поиск и духовный кризис болезни духа: неврозы, алкоголизм, наркомания и образование. Образование и самообразование. Образование и экзистенциальная дилемма. Путь индивидуации: от самоутверждения к самореализации и постижению смысла. Традиционная школьная оценка и современное образование. Образование и церковь. Образование и гендер. Результатом образования является всестороннее развитие личности, т.е. формирование человека, имеющего широкие фундаментальные знания, устойчивые навыки и умения, сочетающего в своей деятельности физический и умственный труд, производящего материальные и духовные блага для общества; человека, гармонически развитого в физическом и духовном отношениях, активного общественного деятеля и гражданина РК, обладающего высокими нравственными идеалами, развитым эстетическим вкусом, разносторонними материальными и духовными потребностями, настоящего патриота своей страны.

Поступила 17.03.2016 г.